



Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинар материалдарының жинағы

***Қазақстанда және әлемде
көптілді білім беру ортасын
қалыптастыру: жүзеге
асырудың нәтижелері мен
мәселелері***

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы*

Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы, Қарағанды Е.Бөкетов ат. Университетінің профессоры

Загатова С.Б., филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың қиындықтары мен аспектілері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. - Ғылыми ред. Ф.ғ.д., профессор А.Е.Бижкенова. - Нұр-Сұлтан: ЖК «Булатов А.Ж.», 2022.- 135 б.

ISBN

Семинар Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми декадасы шеңберінде, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасынды іске асырылатын ҚР ҒБМ «Білім және ғылым жүйесінің ғылыми модернизациясының негіздері» (2021-2023) атты жобалық-мақсаттық қаржыландыруының тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілді, рег. OR11466474

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағына семинар қатысушылардың баяндамалары кірді. Мәтіндер авторлық стилінде сақталыңған. Орфографиялық және грамматикалық жағынан түзету жасалған жоқ.

Жинақ көптілді зерттеп жүрген мамандарға және білім алушыларға көзделген.

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға *Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері* атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы ұсынып отыр.

Семинар Еуразия ұлттық университетінің шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 ж. 13 сәуірінде өткізілді. Халықаралық қатысушылардың ішінде Башқұрт мемлекеттік Ақмұлла атындағы педагогикалық университеті мен қатар Солтүстік-Батыс Федералды Аммосов атындағы университеттер бар.

Семинар тақырыбының маңыздылығына күмән жоқ, үш тілдік білім беру бағыты нақты назар талап ететін, еліміздің және әлем деңгейіндегі жалпы білім беру саласының маңыздығын көтеретін сұрақтардың бірі.

Өз еліміздің тіл саясатындағы қазақ тілді одан сайын дамыту, қазақша тілдік кеңістіктің өрісін кеңейту, басқа тілдерге жағдай жасату, жас өспірімдердің тілдік білімдерін қолдану деңгейіне жеткізу – осы және тағы да басқа сұрақтар әлі де өзінің дұрыс шешімін табуда.

Беріліп отырған жинақта семинар қатысушылардың жеке ойымен қатар жалпы Қазақстандағы және әлемдегі білім ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары, жаңалықтары мен жетістіктерімен қатар қиындықтары көрсетілген.

Жинақ мамандарға және білім алушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

МАЗМҰНЫ

Біжкенова А.Е., Базарбекова Ж.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ САЯСАТЫ - ОЗЫҚ БІЛІМ ҮЛГІСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	6
Булатбаева К.Н. КАК ОБНОВЛЯТЬ СОДЕРЖАНИЕ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ.....	17
Буркова Т.А. ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ И/ЛИ ПОЛИЛИНГВАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ?.....	20
Дербишева З.К. ОПЫТ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КЫРГЫЗСТАНА.....	24
Китибаева А.К. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	28
Находкина А.А. ЯКУТСКИЙ ЭПОС ОЛОНХО НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ.....	32
Aminova L.A. CONVERGENCE STRATEGIES: POLITENESS STRATEGY IN ENGLISH AND RUSSIAN LINGUOCULTUROLOGY.....	37
Анафинова М.Л., Дюсембаева И. Т. ЕЛ ИМИДЖІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	41
Анафинова М. Л., Нагашибаева Г. М АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ.....	47
Ахметова Г.С. ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	53
Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетева ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ.....	58
Гиберт О.С. ИМЯ СОБСТВЕННОЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ..	63
Буркова Т.А., Г.А. Дистанова ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТЕКСТОВ, СОДЕРЖАЩИХ ТОПОНИМ (НА ПРИМЕРЕ НЕМЕЦКИХ ЛЕГЕНД И ПРЕДАНИЙ).....	67

Елеш А.Т. MYTHS AS A SOURCE OF THE FORMATION OF A PATRIOTIC PERSONALITY.....	72
Zhambylkyzy M., Yergalymova Z.Y. DEVELOPING COLLOCATIONAL COMPETENCE OF STUDENTS WITH THE HELP OF CORPORA IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	78
Ксанова Д.М. ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В СТРУКТУРЕ ГИДРОНИМОВ КАЗАХСТАНА И США.....	86
Куантаева Д.А. ИРОНИЧНОСТЬ КАК ЧЕРТА АНГЛИЙСКОГО КОММУНИКАТИВНОГО СТИЛЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПЕРЕДАЧ ВВС).....	92
Липустина О.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ И НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СВЕТЕ ТРЕБОВАНИЙ НОВЫХ СТАНДАРТОВ ОБУЧЕНИЯ.....	96
Мусина Р.Р. СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА НАЗВАНИЙ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ НА НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК.....	100
Нуркенова Г.А., Дуйсекова А.А. ЗАГОЛОВОК В ПОЛИТИЧЕСКОМ ГАЗЕТНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	104
Оспанова А.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ВЫЗОВЫ И АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ.....	111
Рысбек Ж.Қ., Бижкенова А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР.....	114
Сәрсембай С.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ.....	119
Tlepbergen D. THE ROLE OF TRANSLANGUAGING IN MULTILINGUAL EDUCATION.....	125
Turganbekova A.M., Syzdykbayeva A.A. THE CONCEPT OF MILK IN THE KAZAKH AND ENGLISH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD.....	130

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР

Рысбек Ж.Қ.

Нұр-Сұлтан қаласы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

4 курс студенті

rysbezhansaya@gmail.com

Ғылыми жетекші – **Бижкенова А.Е.**

ф.ғ.д., профессор

bizhkenova_ae@enu.kz

Түйіндеме: Қазақ тіліндегі екі немесе одан да көп түбірдің бірігуі арқылы жасалған термин сөздердің ғылым салаларында кездесуі зерттеу жұмысында қарастырылатын басты мәселе. Бұл мақалада белгілі ғылым салаларындағы қолданысы бойынша термин сөздер топтастырылып, сандық көрсеткіші диаграммалар арқылы көрсетілген. Зерттеу барысында семантикалық ерекшеліктерге де назар аударылып, жазылу ерекшеліктері де айқындалған.

Бұл мақала филология ғылымының мамандарына, тіл білімінің қыр сырына қызығушылық танытатын жандарға пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: термин сөздер, көп құрамды сөздер, біріккен сөздер, ғылым салалары

I. Кіріспе

Тіл – дүниедегі әрбір жанның басты бойтұмары, қарым - қатынас құралы және ойынды, көңіліндегі сезімдер мен эмоцияларды білдіру қаруы. Ол әрдайым жаңа сөздермен толықтырылып қарқынды даму үстінде. Оған мысалы ретінде қазақ тілін қарастырсақ болады. Бұл көне тілдің тарихына үңілсек, көптеген өзге ұлттар мен олардың мәдениеті ұштасқандықтан, тіл құрамына жаңа сөздер түрлі тәсілмен енген. Оның салдарында қазақ тілінде көп құрамды термин сөздер кеңінен орын алып отыр.

Термин сөздер – белгілі бір ғылым саласындағы нақты түсінік атауы. Термин сөздер құбылыстар мен объектілердің, олардың қасиеттерін анықтайтын және сол салаға жататындығын айқындаушы белгі ретінде қызмет етеді^[1]. Бұл сөздердің жалпы лексика сөздерінен айырмашылығы - қолдану аясында бір ғана мән – мағынаға ие және эмоционалды бояуға жол бермейді.

Біріккен көп құрамды сөздер — екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер тобы. Олардың кей тобы құрылымдық жағынан сөз тіркестеріне жақын болып келеді^[2]. Мәселен, ақкөңіл, қырықаяқ, теміржол, атаққұмар, үшбұрыш, антұрған, т.б. Байқағанымыздай, біріккен сөздерге біртұтастылық қасиет тән.

Біріккен сөздерді көптеген негізгі 2 топқа бөлуге болады:

1. екі компоненті бірігіп, ортақ мағына пайда болады. Мысалы, алтыбақан, фотоаппарат, еңбеккүн.
2. әр компонент ортақ екпінмен айтылып, екі сөз қосылады да, қосылу нәтижесінде сөз құрамы күрделеніп дефис арқылы жазылады, мәселен, бизнес-инкубатор, кино-телесюжет және т.б.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Бұл мақалада «Қазақ тіліндегі көп құрамды термин сөздер» тақырыбын қарастырамын. Күрделі жолмен бірігіп жасалған терминдер біздің тіл байлығымыз бен сөйлеу үрдісіне тікелей әсер етеді. Тіл құрамына жаңа сөздердің енуі әлемнің барлық елдері мен өмір сүру салаларының дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның жаңа бағыттары күрделі сөздерден жасалған жаңа түсініктердің пайда болуына ықпал етеді. Бұл адамдардың жаңа нәрсеге, атап айтқанда жаңа терминдерге деген қажеттілігі қарқынды өсіп келе жатқандығы салдарынан болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Тілдің қарқынды дамып келе жатқандығына негізделе отырып, екі немесе одан да көп түбірден құралған күрделі термин сөздер және олардың семантикалық және құрылымдық классификациясы жайлы барынша толық ақпарат беру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Тіл құрамындағы екі немесе одан да көп буыннан бірігіп жасалған күрделі термин сөздерді анықтау;
- Семантикалық мағынасына негізделе отырып, көп құрамды терминдерді ғылым саласы бойынша топтастыру;
- Термин сөздердің жазылу ерекшеліктерін анықтай отырып құрылымдық анализ жасау;
- Статистикалық көрсеткішті диаграмма арқылы бейнелеу;

II. Негізгі бөлім

Бұл зерттеу жұмысы 3 бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Жұмыстың негізгі бөлімінде жинақталған көп құрамды термин сөздер жазылу ерекшеліктеріне қарай және ғылым салалары бойынша топтастырылады. Ол топтарға:

- медицина саласы (химиялық атаулар)
- ақпараттық-технологиялар саласы
- экономика және бизнес
- ғылым және білім
- саяси және тарихи терминдер
- географиялық терминдер
- әскери терминдер

- медиа саласы
- транспорт - логистика саласы


Зерттеу жұмысында жинақталған термин сөздер саны: 747 сөз

1. Көп құрамды термин сөздердің ғылым салалары бойынша топтастырылуы.

Ғылыми сала атаулары	Термин сөздер мысалдары:
Медицина саласы	Антидене, гексааминхром, гидроксомагний, дәріхана, диметилпенпан, микротүтікше, көмірсутек, жүрек-қантамыр және т.б
Ақпараттық – технологиялар	Аудиотаспа, веб-дизайн, бейнекамера, интернет-коммерция, онлайн-конференция, радио-телехабар, фотомонтаж, фотошежіре және т.б
Экономика және бизнес	Бизнес-инкубатор, бизнес-стратегия, келісімшарт, макробәсеке, микронесие, ақша-несие, қызметақы және т.б
Ғылым және білім	Лингвостатистика, лингвомәдениеттану, этносаясаттанушы, роман-хроника, ғалым – профессор, доктор-кандидат және т.б
Саяси және тарихи терминдер	Антидемократия, антифашист-интернационалдар, депутат-бизнесмен, қолжазба, еуроодақ, елорда, вице-министр және т.б
Географиялық терминдер	Кен-металлургия, геология-минералогия, ғаламшар, агроклимат, орталық-батыс, өлкетану, агроодақ және т.б
Әскери терминдер	Гвардияшы-панфиловшы, генерал-губернатор, генерал-майор, барлаушы-іздігіруші, авиаотряд, командир-лейтенант және т.б
Медиа саласы	Киноактер, радиожарнама, телешоу, телеэфир, киностудия, киносценарий, пресс-релиз және т.б
Транспорт - логистика	Аэровокзал, аэроғарыш, автобизнес, автобөлшек, автомат-зауыт, автомектеп, аэрофотосурет, аэрофототүсірілім, бағыт-бағдар және т.б

Кесте №1

Жоғарыдағы (кесте №1) көрсетілген көп құрамды термин сөздердің нақты сандық көрсеткіші диаграммада көрсетілген:



2. Көп құрамды термин сөздердің семантикалық ерекшелігі бойынша топтастырылуы.

Біріккен сөздер	Гексафторокобальт, көмірсутек, антидемократия, бейнетехника, радиобайланыс, фоторепортер, микробизнес, агроқалашық, өлкетанушы, геоэкология, субұрқақ, социолінгвистика, сөзжұмбақ, лингвомәдениеттану, этножурналистика, киноиндустрия, киноөндіріс, радиотыңдаушы, аэрофотосурет, және т.б
Дефис арқылы жазылатын сөздер	Солтүстік-шығыс, капитан-лейтенант, бизнес-орталық, радио-телехабар, интернет-дүкен, семинар-тренинг, вице-министр, веб-адресант, экс-премьер-министр, онлайн-чат, радио-телехабар және т.б

Кесте №2

Жоғарыдағы (кесте №2) көрсетілген көп құрамды термин сөздердің жазылу ерекшелігі бойынша көрсеткіші диаграммада көрсетілген:



III. Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып қорытындылайтын болсақ, қазақ тіліндегі көп құрамды термин сөздер медицина саласы мен ақпараттық – технологиялар саласында басым кездеседі. Химиялық қосылыстар мен жаңа техникалық құрылғылар атаулары біріге жасалған көп құрамды терминдер екендігіне көз жеткіздік. Сонымен қатар, екі немесе одан да көп буыннан жасалған термин сөздер экономика – бизнес және ғылым – білім саласында да көп қолданылады.

Зерттеу жұмысындағы семантикалық анализ нәтижесіне назар аударсақ, түбірлердің бірігуі арқылы жасалған көп құрамды терминдер дефис арқылы жазылатын терминге қарағанда 2 есеге жуық көп екендігі анықталды. Бұл қазақ тіліндегі күрделі терминдер сөздердің басым бөлігі бірге жазылатындығы айқындалды. Оған қоса, қазақ тіл білімінің заманға сай даму деңгейі қарқынды екендігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Статъя - Многокомпонентные термины - <https://studopedia.info/10-52470.html>
2. А.Р. Кошекova - СОВРЕМЕННЫЕ СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ulagat.com